

# Ақбауырға ЕҢДІ АЛАҢДАМАЙТЫН болдық

(Соны. Басы 1-бетте)

Естеріңізге сала кетейік, алты мың жылдық тарихы бар Ақбауыр табиғи-тарихи ескерткіш кешеніндегі сан ғасырлар бойы сақталған құнды жәдігерлер қазіргі уақытта құрып кетудің аз-ақ алдында тұр. Бұл қүндері осы кешене келіп-кетуші адамдар қатары үлгая тұсуде. Солардың арасында жартастар мен тақтатастарға салынған, көне жазуалардың, суреттер мен бейнелердің жаңына әз аты-жәндерін ойып жазып, булдіріп жатқандардың әрекеті үдең барады. Оларға тоқсауыл қойылмаса еліміздегі бірегей ескерткіштен ештеңе қалмауы да мүмкін. Кімнің келіп-кетіп жатқаны бақылауға алынбаған. Осындаид келеңсіздіктер жайында облыстық ақсақалдар алқасының тәрағасы Фрунзе Жақсылықов пен алқа мүшесі Нұрғазы Сапарғалиев бұған дейін өздерінің жанайқайын біздің газет арқылы білдірген еди.

Ақбауыр Ұлан ауданының аумағында Өскемен қаласынан 38 шақырым қашықтықта орналасқан. Осыған орай Ақбауырдың қорғау маселесін назарда ұстал отырған аудан әкімі Жомарт Мұратовқа жолығып, істің мән-жайын білген едік. Ақбауыр кешени орналасқан өнір жекеменшік иелігіндегі жерде тұр. Бұл кешенің төңірігінде бес бірдей жеке шаруа қожалығы өздерінде тиесілі учаклерде жерге иелік етіп, малдарын өсіріп жатыр. Олардың негізгі табыс көзі де мал өнімдеріне байланысты болып отыр. Қазіргі кезде ең алдымен ескерткіш кешеніне арналған өнірді мемлекет меншігіне откізіп алу жұмыстары қолға алынып, жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстармен Ұлан ауданының

әкімдігі айналысуда.

– Шаруа қожалықтарының басшыларымен кездесіп, әңгімелестік. Сол бес шаруашылықтың ең ірісі Жаңабай Әшімов. Ол осы бастаманы қолдайтындығын білдірді. Біз бұл шаруашылықтардың өркендеуіне ешқандай кедергі көлтірмейміз, бірақ олардың қоралары Ақбауыр кешенінің ішінде, нақтырақ айтқанда, шетіне таман тұр. Алдағы уақытта шаруа қожалықтары пайдаланатын жерлерді нақтыладап шешіп береміз, – дейді Ұлан аудандық жер қатынастары белімінің бастығы Марат Тәкежанов.

Аудандық мәслихаттың сессиясында бұл маселе қаралып, Ақбауырға тиесілі жердің құжаттарын әзірлеп, мемлекеттік акті алуға 150 мың теңге бөлінді. Бұған қоса, Ақбауырдың бас жоспарын жасау үшін 11 миллион теңге қажеттігін аудан мамандары есептеп шықкан.

Облыстық маслихаттың депутаты, «Сағыр» шаруа қожалығының жетекшісі Жанабай Әшімов, Ұлан аудандық жер қатынастары белімінің бастығы Марат Тәкежанов, облыстық саулет-этнографиялық және табигиландшафттық мұражай қорығының аға ғылыми қызыметкері Галина Петенева, мемлекеттік жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығының шаруашылық жүргізу құқығындағы Шығыс Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорнының бас технологы Алексей Харитоненко Ақбауыр кешенінің жер көлемі мен шекарасын белгілеу шара-ларына қатысты. Білікті мамандар ескерткіш кешеніне бөлінген участкени мемлекеттік картада енгізу үшін арнайы құрылымын фотожоспарға түсірді. Топографиялық

негізделме бойынша жерге мемлекеттік акт беріледі.

– Ақбауырдың қорғауға алу көп жылдан бері айтылып келе жатқан мәселеғой, – дейді Жаңабай Әшімов бізben әңгімелескендегі. – Жасыртыны жок, осы кешенің маңызында жүріп, біз де соған ешуакытта көніл аудармаппаз. Жер бөлү мәселесі бойынша мұражайдың мамандарымен: бірнеше рет келіп, мұндағы тарихи жадігерлердің көргеннен кейін кешенің маңыздылығына көзім жетті. Расында, бұл үлкен тарихи ескерткіш көрінеді. Тарихи мұраны сақтап, келешек үрпакқа қалдыру жөніндегі бастаманы қолдаймын. Бұл – жалғыз мениң шаруашылығымның ісі емес, бүкіл елдің, халықтың ісі. Мен осы жерге АҚШ-тан, басқа да шетелдерден келген азаматтарды, Мәскеуден келген оқушыларды да көрдім. Мұндай тарихи орындар Ұлан ауданының көп жерінде бар. Ертеректе ғалымдар келіп, осы жақтан улттық парк ашамыз деген де сез болған, бірақ соның бәрі аяқсыз қалды. Енді қазір өркендереп келе жатқан елімізде, мениңше, қаражат табылып, осының бәрін орнына келтіріп, ары қарай дамытады деп ойлаймын. Отансүйіштік, ең алдымен, тарихтың күрметтеуден басталады.

Алексей Харитоненконың айтуынша, Ақбауыр ескерткіш кешенінің аумағы 370 гектар көлемінде белгіленіп, картага түсірілді. Ақбауыр кешеніне оның сілемдері Қоржынбай, Қызылтас (Сорокинтау) тауларынгізілмепті. Мұндауда обаларментаңбалы тастар көп екен. Бұл тауладарды да кешенің күрамына қосып, аумағы қосынша 19 гектар жер есепке алынып, картага түсірілді.

Енді бұл өнірдегі шекарасы белгіленген тарихи-мәдени кешен облыстық маңыздығы тарихи-археологиялық ескерткіш ретінде реесми түрде мемлекет тараҧынан қорғаға алынады. Сондай-ақ, ескерткіш кешенінің төңірегі қоршалып, көне жадігерлерді қалыпқа келтіру жұмыстары қолға алынады.

Самар тас жолының бойындағы Қоржынбай және Қызылтас тауларының етегіндегі ежелгі молалар – бір-бірімен жалғасып, жатыр. Қола дауырінен басталатын осындаид ескерткіштердің бір жерде шоқырлануы Қазақстанда сирек кездеседі екен. Жер қыртысы өзгеріске ұшыраганымен әр дәуірден қалған 50-60 қорған осы тауладардың етегінде жатыр. Солардың ішінде ғылыми түрғыдан алып қарағанда үш моланың маңызы ерекше көрінеді.

– Шаруа қожалықтарының жетекшілері үйлері мен қора-жайларынан санитарлық-гигиеналық талаптарға сай реттеуі тиіс. Олар киіз үй тігіп, үлттық тағамдар мен сусындарды, сый-қаделік бұйымдарды әзірлеپ, туристерге қызмет көрсету жағын да негізгі жұмыстарымен қоса орайластыра жүргізгенін қалар едік. Туристер кешенде арапал шығуы үшін мінісаттары қажет. Қожалық жетекшілері жылды өсіріп, туристерге қолайлай жағдай жасауға өз үлестерін қосар деген ойдамыз. Қазіргі кезде кезең-кезеңімен атқарылатын іс-шаралардың қажетті құжаттарын дайындал жатырмыз. Келесі жылды қоқтемде ескерткіштің төңірегін қоршашу жұмыстарын қолға алаңыз, – дейді облыстық саулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай қорығының директоры Николай Заичев.